

Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 26 мамырдағы № 67 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 105-бабының 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 257 шешімімен бекітілген Тауарларға арналған декларацияны толтыру тәртібіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 18-тармақтың 14-тармақшасы бірінші абзацтан кейін (кестеден кейін) мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Ресей Федерациясында, тауарды өндіруші (шығарушы) туралы мәліметтер болған кезде, 1-нөмірмен көрсетілген мәліметтерге қосымша тауарды өндірушінің (шығарушының) салық нөмірі (осы Тәртіптің 14¹ тармағына сәйкес) және Объектілерді әкімшілік-аумақтық бөлудің жалпыресейлік жіктемесі (ОӘАЖЖ) бойынша коды көрсетіледі. Егер тауарды өндіруші (шығарушы) ретінде шетелдік тұлға, сондай-ақ Одаққа мүше мемлекетке қарағанда, Одаққа өзге мүше мемлекетте тіркелген тұлға болса, КД берілетін кедендік органға салық нөмірі және Объектілерді әкімшілік-аумақтық бөлудің жалпыресейлік жіктемесі (ОӘАЖЖ) бойынша коды көрсетілмейді.";

б) Х⁴ бөлімнің 41²⁰ тармағында:

13-тармақша бесінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"**Уақытша КД-да** тауарды өндіруші (шығарушы) туралы мәліметтер көрсетілмейді."

;

14-тармақшада "**1.1-нөмірмен**" деген сөздер алып тасталсын.

2. **Осы Шешім** 2021 жылғы 1 ақпаннан бастап күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы

М. Мясникович